

## Кәсіпкерлік қызметтің жеке түрлеріне арналған сомалық салықтың тіркелген ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009 жылғы 20 қаңтардағы N 132/12 шешімі. Павлодар облысы Екібастұз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда N 218 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2013 жылғы 14 қарашадағы N 165/20 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 14.11.2013 N 165/20 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 14) тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық Кодексі) 422-бабы, қалалық мәслихат Ш Е Ш Т І :

1. Келесі кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша салық салу объектісінің бірлігіне бір айға тіркелген сомалық салық ставкаларының мөлшері бекітілсін:

1) ойын үшін пайдаланылатын дербес компьютер – 1 айлық есептік көрсеткіш ;

2) бильярд үстелі – 3 айлық есептік көрсеткіш;

3) ойын алаңы – 7 айлық есептік көрсеткіш;

4) бір ойыншымен ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы - 2 айлық есептік көрсеткіш ;

5) бірнеше ойыншының қатысуымен ойын жүргізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы – 2 айлық есептік көрсеткіш.

**Ескерту. 1 тармаққа толықтыру енгізілді - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2009.03.17 N 155/15 шешімімен.**

2. Осы шешім Екібастұз қаласы Әділет басқармасына тіркеуге жіберілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихат хатшысы*

*Е. Рахманғұлов*

*Ғ. Балтабекова*

